

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2020 жылғы 19 наурыз

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 41

город Алматы

**«7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру»
ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысына
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285, «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлықтарына сәйкес халықтың қаржылық жағдайының нашарлауын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасында:

мынадай мазмұндағы XII бөліммен толықтырылсын:

**«XII. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЕНГІЗУ КЕЗІНДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ
ОРЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ**

Қазақстан Республикасының барлық аумағында төтенше жағдай енгізу кезінде банктер Бағдарлама шеңберінде жасалған ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша төтенше жағдай енгізілген күннен бастап негізгі борыштың және (немесе) сыйақының төлемдері бойынша айыппұл және (немесе) өсімпұл есептеместен күнтізбелік 90 (тоқсан) күнге дейінгі мерзімге мерзімін ұзартуды ұсынады.

Негізгі борыштың және (немесе) сыйақының төлемдері бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күнге дейінгі мерзімге мерзімін ұзартуды банктер жеке

тәртіппен жүзеге асырады.

Егер ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеудің күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімін кешіктіру төтенше жағдай енгізілген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде құралған жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеудің күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі кешіктірілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқығын кері сатып алу бойынша банктің міндеттемесі мен жауапкершілігі банк үшін туындамайды.

Төтенше жағдай енгізілген күннен бастап негізгі борыштың және (немесе) сыйақының төлемдері бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күнге дейінгі мерзімге мерзімін ұзартуды ұсыну «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюроға ұсынылатын қарыз алушы туралы теріс ақпарат болып табылмайды.».

2. Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті осы қаулы қабылданғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Е. Досаев